

ҚМГ Орталық аппаратының ұйымдық құрылымы бекітілді

3

Д.Хасанов: «Босатылған қызметкерлерге барынша қолдау көрсетеміз»

6

Мұнай мұңы: «Коронакризис»

9

«BizBirgemiz» акциясы – ұлт бірлігінің айнасы

11

munailymeken.kz

Munaily meken

№ 04-05
Sáýir-mamyr
2020 jyl

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады



**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы
дағдарысқа қарсы
шараларды дайындады**

2020 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелер

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ 2020 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелерін жариялады.

2020 жылғы бірінші тоқсандағы басты оқиғалар:

- Мұнай мен газ конденсатын өндіру деңгейі 5 929 мың тоннаны құрап, 2019 жылғы бірінші тоқсандағы деңгеймен шамалас болды;
- Мұнай мен газ тасымалдау сегменті салыстырмалы түрде тұрақты, 18 517 мың тонна мұнай мен 28 320 млн м³ газды құрады;
- Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 4,9%-ға азайып, 4 660 мың тоннаны құрады.

ҚМГ Басқарма төрағасы, Алик Айдарбаев:

«Қазір біз бәріміз күрделі кезеңді бастан өткізіп жатырмыз. Жаһандық пандемия салдарынан көптеген елдерде адамдар, денсаулық сақтау жүйесі және жалпы әлем экономикасы ауыр сынақтан өтуде. Бүгінгі таңда індеттің таралуын болдырмау және қатаң тәртіпті сақтау үшін алдыңғы шепте жүрген барлық дәрігерлерге, полиция және басқа да қызметкерлерге алғыс білдіріміз келеді.

Саланың ерекшелігіне қарай, ел экономикасын қолдау қажеттілігі және үздіксіз өндірістік процесті қамтамасыз ету үшін ҚМГ өндірістік қызметін тоқтатқан жоқ. Алайда коронавирус пандемиясы салдарынан мұнай бағасының күрт төмендеуі және Қазақстан өндіруді тәулігіне 390 мың баррельге қысқарту жөнінде шешім қабылдаған мұнай өндіруді ұжымдық қысқарту туралы ОПЕК+ келісімі 2020 жылдың екінші тоқсанында ҚМГ өндірісінің шектелуіне әкелуі мүмкін. Ұлттық компания Энергетика министрлігімен бірлесіп түрлі сценарийлерді әзірлеуде және ҚМГ мүдделі тараптармен бірге қажетті шаралар қабылдайтын болады.

Ел үшін осындай қиын кезеңде ҚМГ үшін қызметкерлер мен олардың отбасыларының амандығы, компанияның мүмкіндіктеріне қарай дағдарысты жағдайды еңсеру басты басымдық болып табылады».

Көмірсутек шикізатын өндіру

2020 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 5 929 мың тоннаны (тәулігіне 489 мың баррель) құрап, 2019 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда еш өзгеріссіз қалды. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 4,0%-ға 2 260 млн м³ дейін өсті.

Мега жобалардың (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) мұнай және ілеспе табиғи газды өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 2 184 мың тоннаны (тәулігіне 191 мың баррель) және 1 597 млн м³ құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда тиісінше 4,6% және 5,9%-ға жоғары.

Теңіз кен орнында мұнай және газ өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 2019 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 0,9%-ға өсіп, сәйкесінше 1 535 мың тонна (тәулігіне 135 мың баррель) және 841 млн м³ құрады. 2020 жылғы бірінші тоқсанда жаһандық пандемия Теңіз кен орнындағы өндірістік қызметке ықпал етпеді. Алайда сәуір айының ортасында ТШО-ның мердігерлік ұйым қызметкерлерінен COVID-19 жұқтыру жағдайлары анықталды. ТШО қызметкерлер арасында індетті жұқтыру қауіпін азайту үшін Теңіз кен орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспарын әзірледі. Жоспар негізгі өндірісте құрылыс жұмыстарын тоқтатуды, болашақ кеңейту жобасы аясында аса маңызды емес жұмыстарды кезең-кезеңімен тоқтата тұруды және Теңіз кен орны аумағында қызметкерлер санын азайтуды көздейді.

Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 23%-ға 365 мың тоннаға



дейін (тәулігіне 32 мың баррель) ұлғайды. Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 25,2%-ға өсіп, 219 млн м³ құрады. Мұнай және газ өндіру көлемі екі ұңғыманы айдау қорына ауыстыру есебінен газды айдау көлемінің ұлғаюы және өндірістік нысандарды пайдалану коэффициентінің жақсаруы нәтижесінде артты. 2020 жылғы бірінші тоқсанда Қашаған кен орнында орташа тәуліктік жалпы өндіру деңгейі тәулігіне 384 мың баррельді құрады.

Қарашығанақ кен орнында мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 5,2%-ға артып, 285 мың тоннаны (тәулігіне 25 мың баррель) құрады. Газ өндіру 538 млн м³ құрап, 2019 жылғы бірінші тоқсандағы деңгейден 8,1%-ға жоғары болды. Мұнай мен газ өндіру көлемінің өсуі Орынбор газ өңдеу зауыты тарапынан газды тұрақты қабылдап тұруына және 2019 жылғы қыркүйек-қазан айларында Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК) және Газды кешенді дайындау қондырғысы (ГКДК) нысандарында жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болды.

Операциялық активтерде мұнай мен газ өндіру көлемі 2,8%-ға, тиісінше 3 744 мың тоннаға (тәулігіне 298 мың баррель) және 663 млн м³ дейін төмендеді. Операциялық активтердегі өндіру көлемінің азаюы негізінен Қазгермұнай және ПетроҚазақстан кен орындарында өндірістік жоспарға сай өндіру деңгейінің сәйкесінше 28,4%-ға және 22,3%-ға табиғи жолмен төмендеуіне байланысты болды.

Мұнай және газ тасымалдау

2020 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ-ның мұнай тасымалдау көлемі 5,8%-ға 18 517 мың тоннаға дейін азайды (ҚМГ үлесіне).

	2020 ж. 1-тоқсан	2019 ж. 1-тоқсан	%
Мұнай өндіру, мың тонна	5 929	5 939	-0,2%
Газ өндіру, млн м ³	2 260	2 173	4,0%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	18 517	19 660	-5,8%
Газ тасымалдау, млн м ³	28 320	25 881	9,4%
Мұнай өңдеу, мың тонна	4 660	4 901	-4,9%

көлемнен төмен, бірақ өткен жылғы бірінші тоқсандағы жеткізу көлемінен 10%-ға жоғары болды.

Көмірсутек шикізатын сату

2020 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда шамалы ұлғайып, 5 922 мың тоннаны құрады. Ал оның 69%-ы экспортқа шығарылды.

2020 жылғы бірінші тоқсанда өзі өндірген мұнайды ішкі нарыққа жеткізу көлемі 1 826 мың тоннаны құрады, соның ішінде мұнайды әрі қарай өңдеу және мұнай өнімдерін сату үшін 1 011 мың тонна көлеміндегі операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз және Қазақтүрікмұнай) шикі мұнайды Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) жеткізді.

Көмірсутек шикізатын өңдеу

Жаһандық пандемия 2020 жылғы бірінші тоқсанда ҚМГ-ның мұнай өңдеу секторына айтарлықтай ықпалын тигізген жоқ. Алайда Қазақстанның ірі қалаларында карантин енгізілуіне байланысты 2020 жылғы сәуір айында Қазақстанда мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне сұраныс едәуір төмендеді. Бұл жайт отандық мұнай өңдеу зауыттарының өндірістік қызметіне елеулі әсер етті. Қазір зауыттар өз қызметін жалғастыруда, дегенмен қоймада тауардың шамадан тыс жиналып қалуын болдырмау үшін мұнай өңдеу көлемі мен мұнай өнімдерінің өндірісі ең төменгі деңгейге дейін азайтылды. 2020 жылғы наурыз айының ортасынан бастап қазақстандық МӨЗ-дердің қуаты шамамен 13%-ға төмендеді.

2020 жылғы бірінші тоқсанда румын МӨЗ-дерде көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемінің 17,7%-ға төмендеуі қазақстандық МӨЗ-дерде КСШ өңдеудің ұлғаюымен ішінара өтелді. Нәтижесінде КСШ өңдеудің жалпы көлемі 4 660 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында КСШ өңдеу көлемі (ҚМГ үлесіне) шамалы ұлғайып, 3 348 мың тоннаны құрады. Өсу ПМХЗ мен ПҚОП-та өңдеу көлемінің қысқаруына байланысты елде мұнай өнімдері өндірісінің тепе-теңдігін сақтау мақсатында АМӨЗ-де өңдеу көлемінің артуына байланысты болды. 2020 жылғы қаңтарда ақтөбелік мұнайды айдаудың тоқтатылуына және мұнай өнімдерін тұтынудың азаюына ықпал еткен Қазақстанның ірі қалаларында карантин енгізілуіне орай ПМХЗ мен ПҚОП-та шамалы азаю байқалды.

- Румыниядағы KMG International зауыттарында (Петромидия, Вега) өңдеу көлемі 1 312 мың тоннаны құрады, бұл 2019 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткіштен 17,7%-ға төмен. Өңдеу көлемі 2020 жылғы наурыздың 13-і мен сәуірдің 30-ы аралығында жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне орай Петромидия МӨЗ-де өндірістің тоқтатылуына байланысты азайды.

2020 жылғы бірінші тоқсанда қазақстандық және румын зауыттарында мұнай өнімдерін шығару көлемі 8,0%-ға қысқарып, 4 231 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық МӨЗ-дер ҚМГ үлесіне 2 954 мың тонна мұнай өнімдерін шығарды, бұл өткен жылғы осындай кезеңдегі көрсеткіштен 2,8%-ға төмен. Мұнай өнімдері өндірісінің азаюы 2020 жылғы қаңтарда ақтөбелік мұнай айдаудың тоқтатылуына және Қазақстанның ірі қалаларында карантин енгізілуіне байланысты болды;

- KMG International зауыттары (Петромидия, Вега) 1 276 мың тонна мұнай өнімдерін шығарды, бұл 2019 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткіштен 18,1%-ға төмен. Жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Петромидия зауытында өндіріс уақытша тоқтатылды, бұл өз кезегінде көрсеткіштің азаюына ықпал етті. **NI**

ҚМГ Директорлар кеңесі орталық аппараттың жаңа ұйымдық құрылымын бекітті

2020 жылғы 29 сәуірде «ҚазМұнайГаз» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында жаңа ұйымдық құрылымды бекіту туралы шешім қабылданды. Шешім компанияның қаржы жағдайын тұрақтандыру және нарықтық факторлардың жағымсыз ықпалын азайтуға бағытталған іс-шаралардың аясында қабылданды.

ҚМГ орталық аппараты ұйымдық құрылымының жаңа жобасы мыналарды қамтиды:

- геология, барлау және өндіріс бөліктерін біріктіру. Сәйкесінше, Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасарының қызметі қысқартылды;

- басқару деңгейлерін азайту. Нәтижесінде 22 басқарушы директордың лауазымы жойылады;

- департамент саны үш есе азаяды.

«Корпоративтік орталықтың құрылымы шағын әрі жедел әрекет етуге және бизнес үшін дағдарыс салдарын аз шығынмен еңсеру үшін тиімді шешімдер қабылдай алатындай

болуы тиіс. Дағдарысқа қарсы стратегияны жүзеге асыруға баса назар аудару мақсатымен көптеген қызмет түрінен бас тартамыз және



еншілес компаниялармен ықпалдастықтың тетіктерін қайта қарастыратын боламыз», – деді ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнес-процестерді оңтайландырылып, дағдарысқа байланысты өзектілігін жоғалтқан көптеген жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі жоспарларын қайта қарастыруда. Нәтижесінде, орталық аппараттағы қызметкерлердің штаттық санын 34%-ға – 729-дан 480 адамға дейін азайту туралы шешім қабылданды.

ҚМГ басшылығы жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерінің алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін терең ұғына отырып, босатылған қызметкерлерге барынша қолдау көрсетеді. Босатылған қызметкерлердің таңдауы бойынша қолдаудың бірнеше түрі көрсетілмек. Атап айтқанда, біржолғы жәрдемақы төленеді немесе басқа жұмысқа орналасу үшін рекрутингтік ұйымдардың қызметін ұсынылады не Компания есебінен қайта оқудан өтеді. Әлеуметтік жауапкершілікке негізделген жұмыстан босату шаралары «Самұрық-Қазына» қорының тапсырмасын орындау аясында дайындалды. **MI**

Совет директоров КМГ утвердил новую организационную структуру центрального аппарата

29 апреля 2020 года состоялось заседание Совета директоров АО НК «КазМунайГаз», на котором была утверждена новая организационная структура центрального аппарата. Решение было принято в рамках реализуемых мероприятий по стабилизации финансового состояния компании и уменьшения влияния негативных рыночных факторов.

Новый проект организационной структуры центрального аппарата КМГ предусматривает:

- объединение блоков геологии, разведки и добычи. Соответственно, упразднена по-

зиция заместителя председателя Правления по геологии и разведке;

- сокращение уровней управления, как следствие, упраздняются позиции 22-х управляющих директоров;

- сокращение в три раза количества департаментов.

«Структура корпоративного центра должна быть компактной, способной оперативно реагировать и принимать эффективные решения для преодоления последствий кризиса с минимальными потерями для бизнеса. От многих функций мы откажемся и пересмо-

трим алгоритм взаимодействия с дочерними компаниями, чтобы сосредоточиться на реализации антикризисной стратегии», – отметил председатель Правления КМГ Алик Айдарбаев.

В КМГ оптимизируются бизнес-процессы и пересматриваются планы по реализации большого числа проектов и мероприятий, актуальность которых в связи с кризисом теряется. Как следствие, принято решение о снижении штатной численности персонала центрального аппарата на 34% с 729 до 480 человек.

Осознавая свою социальную ответственность перед работниками и членами их семей, руководство КМГ намерено оказать максимальную поддержку высвободившимся сотрудникам. Поддержка подразумевает различные опции на выбор высвобождаемых сотрудников: выплата разового пособия или предоставление услуг рекрутинговых агентств для трудоустройства или переобучение за счет КМГ. Данные меры поддержки социально-ответственного высвобождения разработаны в рамках исполнения поручения Фонда «Самрук-Қазына». **MI**



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерге 2019 жылға 81,7 млрд теңге дивиденд төлейді

Мамырдың 22-і күні «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі 2019 жылдың қорытындысы бойынша 81,7 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төлеуді ұйғарды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда шамамен екі есе көп.

Дивиденд төлеу туралы шешім Мемлекет басшысының тапсырмасын ескере отырып, дивиденд саясатына сәйкес қабылданды және Компанияның негізгі акционерімен келісілді. Директорлар кеңесі Компанияның қазіргі қаржы жағдайын, ақша ағыны болжамын, халықаралық кредиттік рейтингтерге ықпалды, жұмыс орындарын сақтау бойынша атқарылып жатқан жұмысты, сондай-ақ

мемлекет мүддесі үшін іске асырылып жатқан жоспарлы инвестицияларды қосымша назарға алды.

2019 жылдың қорытындысы бойынша аудиттен өткен қаржылық есептілікке сәйкес дивиденд төлеуден бөлек, ҚМГ акционерлерге Нұр-Сұлтан және Түркістан қалаларында әлеуметтік нысандарды салуға арналған қаражатты қоса алғанда 20 млрд теңге жолдады.

Компания өзінің қызметінен түскен кірісті сыртқы қарыздарына қызмет көрсетуге де жұмсайтынын атап өткен жөн. Оларды өтеу сомасы 2019 жылы шамамен 997 млрд теңгені (2,6 млрд доллар) құрады. **MI**

Жылдық есеп жарияланды

2019 жылдың есебінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобы қызметінің негізгі көрсеткіштері, ірі корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат, сондай-ақ былтырғы жұмыстың шоғырландырылған өндірістік және қаржы нәтижелері берілген.

Жылдық есеп Компанияның негізгі құжатының бірі. Онда мүдделі тараптарың кең ауқымына Компания қызметі туралы ақпарат көрсетілген. Жылдық есеп ақпаратты ашу бойынша халықаралық стандарттардың талаптарына және әлемнің озық тәжірибесіне сай әзірленді.

Жылдық есепті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ресми сайтынан оқи аласыздар. **MI**



Ембідегі фонтан ағысы



«Ембімұнайгаз» АҚ-да ресурстық базаны ұлғайту жұмыстары жалғасуда. Бұл жолы Сағидолла Нұржанов кен орнының солтүстік-батыс бөлігінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында табысты нәтижелерге қол жеткізілді.

– Негізінен байырғы кен орындарды игеретін компанияның басым міндеттерінің бірі ресурстық базаны ұлғайту болып табылады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде С.Нұржанов кен орнының бұрғыланбаған бөлігіндегі триас шөгінділерінде 3252-3265 м тереңдікте жаңа өнімді горизонт анықталды. НСВ-11 бағалау ұңғымасын бұрғылау қорытындысы бойынша 9 мм штуцерде тәулігіне 165 м³ дебитпен сусыз мұнай бұрқағы алынды (мұнайдың үлес салмағы – 0,836 г/см³; газ факторы – 105 м³/м³). Қазіргі уақытта мұнда ұңғыма жұмысының оңтайлы режимін анықтау мақсатында кәсіпшілік-геологиялық және

гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізу арқылы сынақ жұмыстары жалғасуда, – деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылы Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы қолданыстағы С.Нұржанов, Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмұхамбетов, Ботахан және қайта ашылған Батыс Қарасор (1,4 млн.тн) кен орындарында 14,8 млн. тонна көлемінде қорды балансқа алып, бекітті. Нәтижесінде, ЕМГ мұнайының алынатын қоры 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 86,2 млн. тоннаны құрады. Ал өткен жылғы есептік кезеңде – 74,3 млн. тонна болған еді. Сол кезде атап өтілгендей, қор өсіміне байырғы кен орындарын игеруге оңтайлы көзқарас пен жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отырып, белсенді барлау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қол жеткізілді. **M**

Параксиллол өнімі жоғары көрсеткіштерге ие болды

Аталмыш өнім паспорттаудан және сертификаттаудан өтіп, 2018 жылы желтоқсан айында Атырау мұнай өңдеу зауыты мұнай химиясының бастауы параксиллол өнімін өндіруді бастаған болатын.

Қазіргі таңда өткен жылмен салыстырғанда параксиллол өте жоғары көрсеткіштерге ие болып отыр. 2019 жылы 47,4 мың тонна параксиллол өндірілсе, осы жылдың басынан бері 104,4 мың тонна өнім экспортқа жөнелтілді. Яғни, бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 57 мың тоннаға артық.

Параксиллол басқа мұнай-химия өнімі – бензолмен қатар хош иісті көмірсутектерді өндіру кешенінің өнімі болып табылады (КПА). Бұл кешен ыңғайлы жұмыс кестесі бар және екі нұсқада, яғни отын және мұнайхимиялық бағыттарда жұмыс жасай алатын кешен болып табылады.

КПА өндірістік қуаты – 133 мың тонна бензол және 496 мың тонна параксиллол.

Зауыт тазалығы жоғары, құнды мұнай-химиялық шикізат – параксиллол өндірісін жалғастыратын болады. Ол машина жасау, химия және медицина өнеркәсібінде, аспап жасауда, тұрмыстық техника өндірісінде қолданылады. **M**



Тяжело на тренажере – легко на производстве

Повысить квалификацию работников нефтеперерабатывающих заводов поможет реализуемый проект Программы КМГ «Жаңару», название которого говорит само за себя: «Внедрение системы подготовки и аттестации производственного персонала НПЗ РК посредством внедрения компьютерных тренажерных комплексов».

«Цифровой работник» – одно из важнейших направлений цифрового развития в бизнес-сегменте нефтепереработки. Что это значит? Виртуальное обучение? – Да. Возможность изучить установку до физического выхода на нее? – Да. Научиться управлять технологическим процессом перед тем, как оператор сядет за пульс? – Да. Такой формат подготовки персонала нацелен на минимизацию сбоев на производстве, связанных с человеческим фактором. Как следствие – увели-

чение выходов продукции за счет правильного и бесперебойного управления установками.

Проект стартовал в 2019 году на Атырауском нефтеперерабатывающем (АНПЗ) и Павлодарском нефтехимическом заводах (ПНХЗ). На Шымкентском НПЗ (ПКОП) тренажеры по ключевым установкам были внедрены ранее в рамках проекта модернизации завода.

На ПНХЗ запущено обучение на тренажерах по установкам замедленного коксования, а также изомеризации и сплиттер нефти. В конце нынешнего года к ним должны добавиться тренажеры по установкам гидроочистки дизельного топлива и гидроочистки керосина.

На АНПЗ тренинги проводятся с применением тренажерных моделей, разработанных лицензиаром процессов (компания Axens) на 3 ключевых установках завода: каталитического крекинга (RFCC), каталитического риформинга CCR и установке производства ароматических углеводородов (бензол, параксиллол). В 2020 году на заводе запланирован переход на комплексные локальные тренажеры по этим установкам.

Помимо аппаратной и программной части разработан общий для всех заводов бизнес-процесс по проведению тренингов и проверок знаний с применением тренажеров. Этот процесс уже заработал: на всех заводах тренинги персонала установок организованы в соответствии с графиком и программой обучения. Пандемия COVID-19 и введенные с ней меры внесли определенные коррективы в порядок проведения коллективных тренингов. Однако по мере стабилизации ситуации тренинги возобновятся в прежнем формате. **M**





Карантин кезіндегі жұмыс

Коронавирус індеті әлем халқының өмірін өзгертті. Елімізде көптеген кәсіпорындар мен мекемелер осы қиын кезеңде өз жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. Алайда «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына қарасты бірде бір кәсіпорын өз қызметін тоқтатпады. Екі айдан астам уақытқа созылған карантин кезінде кәсіпорындар жаңа талаптарға бейімделіп, үздіксіз жұмысын ұйымдастыра білді.

Елімізде 16 наурыз бен 11 мамыр аралығында жарияланған Төтенше жағдайға байланысты «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы коронавирустық инфекцияны алдын алуға және оның таралуына жол бермеуге арналған шұғыл әрі тиімді шараларды бірден қабылдады. «ҚазМұнайГаз» басшылығы қызметкерлердің денсаулығы мен амандығын сақтау жолында барлық талаптарды орындады.

Наурыз айының басында ҚМГ басшысы Алик Айдарбаев қызметкерлерге үндеу жасап: «Біздің мақсатымыз – «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында және еншілес кәсіпорындарда еңбек ететін барлық қызметкерлеріміздің әрдайым жұмыс орындарынан үйлеріне, отбасыларына аман-сау оралып, қауышуы. Амандыққа жететін ештеңе жоқ» – деп баса айтты.

Ондаған мың адамды еңбекпен қамтып және саланың экономикалық дамуына үлес қосып отырған Ұлттық компания эпидемиологиялық ахуал нашарлай бастаған кезде-ақ жағдайды осылай бірден жіті бақылауға алды.

Ұлттық компанияға қарасты барлық кәсіпорындарда жедел штабтар құрылды. Коронавирус инфекциясының эпидемиисы кезіндегі іс-қимыл алгоритмі әзірленді.

Үздіксіз жұмыс істеуі үшін өндіріс орындары қажетті ресурстармен қамтылды. Тауар жеткізу, жұмыс пен қызмет көрсету мәселелері қадағаланып отырды. Мердігерлік және сервистік компаниялармен үйлестіру жұмыстары күшейтілді.

«ҚазМұнайГаз» құрамына кіретін компаниялардың барлығында дерлік қатаң профилактикалық шаралар жүзеге асырылды. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес маскалық режим енгізілді. ҚМГ компаниялары тобының бүкіл өндірістік қызметкерлері жеке қорғану құралдары – медициналық маска, қолғап, санитайзерлермен қамтамасыз етілуде.

Атап айтсақ, «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «Ембімұнайгаз» ірі мұнай өндіру компанияларда элеуметтік, өндірістік ғимараттардың барлық бөлмелерін, автотранспорт кабинеттерін, барлық автобөкеттерді, өндірістік және тұрмыстық-шаруашылық ғимараттарды, асханаларды дезинфекциялау қолға алынды. Мұнайшыларды тасымалдайтын көліктерге үнемі санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілуде. Қажет деп табылған жерлердің барлығына антисептикалық құралдар қойылған.

Сонымен қатар, вахталық әдіспен жұмыс істейтін мұнайшылардың еңбек тәртібі өзгерді. Вахтаның мерзімі ұзартылып, вахтаға шығу саны қысқартылды. Бұл жұмысшыларды неғұрлым бір жерде ұзақ ұстау мақсатында жасалды.

Әкімшілік-басқарушылық персоналдың бір бөлігі қашықтан жұмыс жасау тәртібіне ауыстырылса, кейбір мұнайшылар ақылы еңбек демалысына шығарылды.

Айталық, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ орталық аппараты қызметкерлерінің 90%-ы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерінің 75%-ы қашықтан жұмыс істеу әдісіне көшірілді.

Карантин кезінде елімізді бензин, дизель, авиациялық отын және басқа мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету үздіксіз жүргізіліп тұрды. Осы бағыттағы ұйымдарда да тиісті қауіпсіздік шаралары қабылданды.

Атырау, Павлодар, Шымкент мұнай өңдеу зауыттарында кәсіпорын аймағына келушілер мен мердігерлік ұйымдар жұмысшыларының кіріп-шығуына бақылау күшейтілді. Сонымен қатар, зауыт қызметкерлеріне құрылымдық бөлімшелері арасында жүріп-тұруына шектеу қойылды. Біраз асхана жабылып, ыстық тамақ тікелей жұмыс орындарына жеткізіліп тұрды.

«CASPI BITUM» зауытында еңбек етудің арнайы кестесі жасақталды. Жұмысшылар 5 күн сайын ауысып отырды. Бұл үздіксіз жұмыс циклін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Төтенше жағдай кезінде мұнай-газ тасымалдау, халықты көгілдір отынмен қамтамасыз ету жұмысы да үздіксіз жүзеге асырылды.

Қазірге дейін «ҚазМұнайГаз» барлық

құрылымдарында көпшіліктің қатысуымен өтетін шаралар тоқтатылды. Өндірісте адамдар көп жиналатын жерлерде дезинфекция жүргізу, сондай-ақ, қызметкерлердің дене қызуын тұрақты өлшеу дәстүрі қалыптасты.

Өкінішке орай, Ұлттық компанияға қарасты еншілес және тәуелді ұйымдар мен мердігерлік компаниялардың қызметкерлері арасында коронавирус індетін жұқтырғандар да бар. Дегенмен, жағдай бақыланып, барлық қажетті іс-шаралар қабылданды.

«ҚазМұнайГаз» компаниясы коронавирус індетінің таралуын болдырмау шараларын іске асыру, халықты ақпараттандыру және барлық күш-жігерді жұмылдыруда мемлекеттік органдар және жергілікті әкімдіктермен жан-жақты өзара тығыз жұмыс істеуде.

Елімізде Төтенше жағдай аяқталса да, карантин режимі жалғасып жатыр. Бұл бізге босаңсуға болмайды дегенді білдіреді. Қазақстан Үкіметі жұқпалы аурудың ел аумағында жаппай таралуын болдырмау үшін ауқымды жұмыс жасап, дер кезінде әрекет етті. Жақында ғана Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетіне қарсы күрестегі оң нәтижеге қарамастан, оның таралу қаупі сейілмегендігін тағы да қайталап айтты.

ҚМГ басшылығы қазіргі мұнай-газ нарығы мен коронавирустың таралу жағдайын ұдайы бақылап, барлық тәуекелдерді бағалауда. Сондай-ақ, қаржы тұрақтылығын сақтау, өндіріс жоспарын орындау үшін қажетті шаралар қабылдауда. **М**





Д.Хасанов: «Біз жұмыстан босатылған қызметкерлерге барынша қолдау көрсетеміз»

Мамырдың 18-күні Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Дәулетжан Хасановтың қатысуымен брифинг өтті. Баспасөз мәслихаты Ұлттық компанияның дағдарысқа қарсы стратегиясын іске асыру аясындағы кадрлық саясат мәселелеріне арналды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппаратындағы қызметкерлер санын азайту қалай ұйымдастырылады, оларға берілетін өтемақының мөлшері қандай, аутплейсмент бағдарламасы дегеніміз не? ҚМГ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры осы сұрақтарға кеңінен тоқталып өтті.

Дәулетжан Хасанов «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының орталық аппараты нарықта болып жатқан өзгерістерге тез және тиімді жауап бере алатындай жинақы болып қайта құрылғанын айтты. «Орталық аппараттың штат саны 34%-ға, 729-дан 480 адамға дейін азаяды. Сонымен қатар, орталық аппараттағы департамент саны 3 есеге қысқарып, басқарушы директор лауазымдары жойылды» – деді Д.Хасанов.

Баспасөз мәслихатында мұнай нарығындағы қалыптасқан жағдай қаншалықты қиын болса да, Ұлттық компания әр қызметкердің, олардың отбасыларының алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін толық сезінетіні айтылды. «Біз «Самұрық-Қазына»

қорының тапсырмасы бойынша әлеуметтік-жауапты босату бағдарламасын әзірледік. Ол компенсациялық төлем жиынтығын және аутплейсмент бағдарламасын қамтиды. Осыған сәйкес біз босатылған қызметкерлерге барынша қолдау көрсетеміз», – деп атап өтті Д.Хасанов.

Ұлттық компанияның орталық аппаратында 80 бос орынды қоса алғанда, жалпы 249 штаттық бірлік қысқарады. Яғни, 169 адаммен еңбек қатынасы тоқтайтын болады. Осы қызметкерлердің 10%-ы еншілес кәсіпорындарға ауыстырылады. Бұл білікті өндірістік-техникалық мамандар, олар-

Компенсациялық төлем жиынтығы:

- 3 айлық жалақы мөлшеріндегі біржолғы төлем;
- табысынан айырылған өтемақы ретінде 6 ай бойы, әлеуметтік осал топтарына жататын қызметкерлерге 12 айлық қаржылық қолдау (жалақының 50%-ы);
- 2021 жылғы ақпан айына дейін компания есебінен медициналық сақтандыру қызметтерін пайдалану құқығы сақталады.

ды ауыстыру туралы шешім бұған дейін қабылданып қойған болатын. Персоналдың қалған 90%-ы «ҚазМұнайГаз» жүйесінен кетеді.

Бұдан бөлек, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында жеңілдікпен алған ссудалық қарызы болған жағдайда, кредит шартының мерзімі соңына дейін несиенің жеңілдік мөлшерін сақтап қалуға жәрдемдесетін болады.

«Енді аутплейсмент бағдарламасы туралы айтатық болсақ, бұл жұмыстан босатылған қызметкерлерді жұмысқа орналастыруға ықпал етуге бағытталған шаралар кешені. Бұл әлемдік тәжірибеде қолданылып жүрген әдіс. «ҚазМұнайГаз» – өзінің бұрынғы қызметкерлерін қолдау үшін осындай бағдарламаны енгізген алғашқы отандық компания. Қызметкерлер санын оңтайландыру әрқашан ауыр және жағымсыз процесс болып табылады. Мұндай жағдайларда кейбір адамдар әрі қарай не істеу керектігін, қайда баратынын білмей, абдырап қалатыны рас. Біздің міндетіміз – оларға көмектесу» – деді Д.Хасанов.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аутплейсмент бағдарламасы осы саладағы консультанттардың қатысуымен бірқатар шараны қарастырады.

Консультанттар


қызметкерлерге өздерінің қабылет-қарымдары мен шеберліктерін көрсетуге, еңбек нарығындағы қазіргі сұранысты талдауға және жеке даму жоспарларын жасауға көмектеседі. Олар қызметкерлерге сұхбат кезінде өзін қалай ұстау керектігін, түйіндемені дұрыс толтыруды және т.б. үйретеді. Сондай-ақ, қызметкерлердің барлығы топтық оқудан өтеді.

Осының барлығы олардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігіне септік етеді.

Сонымен қатар, Компанияда лауазымдық жалақылардың жаңа жүйесі бекітілді. Ол басқарма төрағасы мен орынбасарлардың жалақысын 30%-ға қысқартуды көздейді. Сонымен қатар басқарушылық лауазымдарды қысқарту және қызметкерлерді төменгі лауазымдарға тағайындаумен байланысты орта буын басшыларының жалақысы 20%-ға дейін төмендейді. Қатардағы қызметкерлердің жалақысы бұрынғы деңгейде сақталады.

Хасановтың айтуынша, Компанияның қаржылық жағдайына байланысты ҚМГ сыйақы мен бонустардан бас тартты. Нәтижесінде, ҚМГ орталық аппаратының басқарушы қызметкерлерінің кірісі 50%-дан астамға азаяды.

Сөзінің соңында Дәулетжан Хасанов, компанияның басты капиталы қызметкерлер екенін атап өтіп, осындай қиын кезеңде жұмыстан босатылған әріптестеріне қолдан келгенше көмек көрсетілетінін жеткізді. **MI**



- «ҚазМұнайГаз» басшылығы сыйақының барлық түрінен, бонустардан бас тартты;
- ҚМГ Басқарма төрағасы мен орынбасарларының жалақысы 30%-ға қысқарды, сондай-ақ орта буын басшыларының жалақысы 20%-ға дейін төмендеді;
- ҚМГ басшылығы қызметтік автокөліктен бас тартты.

КазМунайГаз сокращает расходы

Глобальная пандемия коронавируса, падение спроса на нефть и, соответственно, низкие цены на «черное золото» оказали существенное влияние на финансовое состояние группы компаний «КазМунайГаз». О предварительных результатах деятельности за первый квартал текущего года и о влиянии рыночных условий на КМГ в ходе онлайн-брифинга 4 мая рассказал заместитель председателя Правления-финансовый директор КМГ Даурен Карабаев.



Как было отмечено, в первом квартале 2020 года средняя цена нефти марки Brent составила около 50 долларов за баррель, но уже в апреле она снизилась до 18,5 долларов за баррель. Поэтому результаты первого квартала еще не отражают в полной мере негативного влияния падения цены на нефть на показатели компании.

Предварительные финансовые результаты показывают значительную разницу по сравнению с прошлым годом.

Так, выручка по сравнению с 1 кварталом 2019 года снизилась на 21% с 1,7 до 1,3 триллионов тенге. Показатель EBITDA (показатель операционной прибыли до вычета расходов на проценты, амортизацию и подоходный налог) снизился с 486 до 270 миллиардов тенге. А EBITDA по операционным активам сократился с 267 до 218 миллиардов тенге.

Сократилась и доля в прибыли совместных предприятий. Если в 1 квартале прошлого года она составляла 219 миллиардов тенге, то в этом 53 миллиарда тенге.

Что касается консолидированной чистой прибыли, то она снизилась с 309 до оценочно 100 миллиардов тенге с учетом обесценения ряда активов.

Были сокращены расходы и на капитальные вложения до 118 миллиардов тенге. Ранее они составляли 124 миллиарда тенге.

Также в настоящее время компания работает над тем, что снизить уровень безубыточной цены на нефть для своих предприятий за счет сокращения затрат. Сегодня эта цена варьируется от 10 до 36 долларов.

В ходе брифинга было рассказано и о проделанной за минувшие годы работе по укреплению финансовой устойчивости, что позволило компании выйти с меньшими потерями, чем в предыдущие периоды падения цен на энергоносители.

Так, с начала 2018 года был существенно снижен долг с 16 до 10,6 миллиардов долларов. Этот долг привлекался в прошлые периоды для финансирования инвестиционных проектов, проектов по слиянию и поглощению и для текущей деятельности КМГ.

Почти в 2 раза до приблизительно 1,5 миллиардов долларов была сокращена программа капитальных вложений.

Также был выровнен график погашения внешних долгов. На сегодня почти 60% внешних займов относятся к долгосрочным, срок погашения которых приходится на 2027-2048 годы. Компанией досрочно были закрыты погашения, приходившиеся на 2020 и 2021 годы.

Из краткосрочных мер было принято решение о сокращении текущих затрат. Так, на 127,3 миллиардов тенге сокращены наиболее не критичные операционные, административные и капитальные затраты, не связанные с базовым производством.

По словам Даурена Карабаева, работа по оптимизации затрат и приведению расходов в соответствие со снизившимися доходами в группе компаний КМГ в дальнейшем будет продолжена.

«Помимо принятых краткосрочных мер, мы также завершаем разработку антикризисной стратегии до конца 2021 года, реализация которой позволит нам адаптироваться к изменившимся реалиям.

А также накопить ресурсы, технологии и компетенции, с которыми КМГ будет стартовать после окончания кризиса», – дополнил он.

В компании уже начата работа по преобразованию операционной модели, в результате которой КМГ должен стать более гибким в управлении, способным оперативно реагировать и принимать эффективные решения для преодоления последствий кризиса с минимальными потерями для бизнеса.

Все усилия менеджмента в этом и в следующем году будут направлены на решение двух главных задач: это максимально адаптировать деятельность компании к новым рыночным условиям и уменьшить влияние негативных факторов на финансовое состояние компании при сохранении гибкого производственного и кадрового потенциала.


От многих функций в компании намерены отказаться и пересмотреть алгоритм взаимодействия с дочерними компаниями, чтобы сосредоточиться на решении стратегических задач.

В КМГ пока не делают каких-либо прогнозов относительно будущего, однако уже заявляют, что котировки цен на нефть и сложившийся дисбаланс на рынке нефти будут отрицательно влиять на финансовые показатели.

«Некоторые наши дочерние компании, совместные предприятия и нефтеперерабатывающие заводы ушли в убыток в 1 квартале 2020 года. Блок транспортировки нефти и газа менее подвержен влиянию цены на нефть, поэтому там ситуация лучше. Мы также ожидаем значительного снижения дивидендов в 2020 году от наших совместных предприятий. В целом мы ожидаем, что в 2020 году наш свободный денежный поток будет отрицательным и, вероятнее всего, нам придется частично использовать имеющийся запас ликвидности с целью поддержания деятельности на наших предприятиях», – подчеркнул Д. Карабаев.

В КМГ намерены предложить пересмотреть и сроки IPO. По словам руководства, теперь все будет зависеть от того, насколько восстановятся рынки.

В очередной раз было подчеркнуто, что основным приоритетом КазМунайГаза в текущих обстоятельствах является забота о здоровье и благополучии сотрудников и их семей. В компании внимательно следят за рыночными условиями, продолжается комплекс усиленных профилактических мер для предотвращения заражения на активах, принимаются всевозможные меры для поддержания стабильности производственных процессов и обеспечения безопасности здоровья своих работников. **M**



Қашықтан жұмыс жасаудың тиімділігі мен қиындығы

Елімізде 16 наурыз бен 11 мамыр аралығында жарияланған Төтенше жағдайға байланысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобында коронавирустық инфекцияны алдын алу және оның таралуына жол бермеу үшін шұғыл әрі тиімді шаралар бірден қабылданды. Соның бірі – әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер қашықтан жұмыс жасау тәртібіне көшірілді. Бірақ бұл қалыпты емес жағдай компанияның қызметі үздіксіз және сапалы болуына еш кедергі келтірген жоқ. Ұзақ уақыт атышулы індеттен сақтанып, үйде отырып жұмыс істеуге мәжбүр болған әріптестеріміз өз ойларымен бөлісті.



Гулзада АЛЬМАГАМБЕТОВА,
ведущий специалист по охране и гигиене
здоровья ТОО «СП «Казгермунай»

– В принципе все, что нужно для своевременного и эффективного выполнения задач, которые передо мной ставит мое руководство, у меня есть. Это: компьютер, рабочий стол, интернет, телефон и доступ ко всем необходимым файлам. Так что могу сказать, что работа на «удалёнке» мало чем отличается от работы в офисе. Несмотря на то, что каждый находится у себя дома, мы с коллегами всегда в тесном контакте посредством корпоративной сотовой связи, электронной почты, рабочих WhatsApp чатов.

В прошлом я медицинский работник, но уже много лет работаю в компании в Департаменте охраны труда и окружающей среды, поэтому как никто другой понимаю важность самоизоляции и минимизирования социальных контактов в период эпидемии.

В течение этих почти двух месяцев удаленного режима работы нам пришлось мобилизовать все свои силы и ресурсы, чтобы найти эффективные решения возникших в условиях сложной эпидемиологической обстановки вопросов безопасности и здоровья коллектива. Ведь карантин не будет длиться вечно, а вирус, как известно, теперь уже никуда не денется. Поэтому нам необходимо было продумать ряд мер, способных максимально сократить риски заражения и распространения КВИ среди работников ТОО «СП «Казгермунай». В рамках пересмотра бюджета компании нами был введен ряд новых позиций, таких как: проведение анализов на КВИ (COVID-19) среди сотрудников промысла, головного управления и представительств товарищества, услуги по организации проверок на наличие КВИ на территориях и объектах компании, а также усиление услуг по дезинфекции внутренних помещений КГМ.

Оперативный штаб компании проделал большой объем работы. Именно слаженные действия всех моих коллег и работников подрядных организаций позволили своевременно обеспечить людей, занятых на производстве, и работников офиса средствами индивидуальной защиты, усилить санитарно-дезинфекционный режим и профилактику заражения COVID-19.



Жанар ШАЙМУХАНОВА,
ТОО «Азиатский Газопровод»

В целом ничего не изменилось, также с вечера составляется план работы, распределяется время на выполнение каждого поручения. Положительный момент в дистанционке, это меньше отвлекающих факторов. Не нужно тратить время на сборы, на дорогу в офис. Но поскольку находишься дома, есть соблазн расслабиться, но это хороший повод «прокачать» самодисциплину, самоконтроль и чувство ответственности.

Говоря об эффективности работы, я считаю, что она возросла. Иногда возникают техниче-

ские сложности при работе с электронными документами или при отсутствии бумажного носителя. Но хочу отметить, что формулировка запросов или желаний стала более конкретной, в следствие чего возросла эффективность всего процесса.

Еще важная деталь, это экономия ресурсов, поскольку на домашней работе идет существенное сокращение расхода бумаги, прочих комплектующих для оргтехники.

Конечно, иногда очень не хватает прямого контакта с коллегами, от этого страдает коммуникация, но в формате видеоконференции или фото/видео примеров также все решаемо.

Работа в удаленном режиме стала для меня очень хорошим тренингом по четкой постановке рабочих задач и формулировке целей. Думаю, что такой формат работы можно применять не только во время чрезвычайного положения, но и в режиме штатных ситуаций, в официальном порядке.

Гаухар СҮЙЕУОВА

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Автоматтандыру,
ақпараттық технологиялар мен байланыс
департаментінің 1-санатты
инженер-бағдарламашысы



Гаухар үйде отырып-ақ, спортпен шұғылдануға болатынын дәлелдеп жүр. Ол инстаграмдағы жеке парақшасы

арқылы жүздеген қыз-келіншектермен бірге тікелей эфирде түрлі жаттығулар жасайды. Мақсаты – карантиндегі бос уақытты тиімді пайдаланып, артық салмақ қоспауға шақыру, адамдарға мотивация беру. Негізі өзі бұрыннан фитнес, йогадан сабақ береді, жеке топта талайларға тәлім беріп жүрген ұстаз. Сондай-ақ, бос уақытында жетістікке жеткен тұлғалардың тренингтеріне қатысып, өз-өзін дамытумен да айналысады, шетелдерге саяхаттағанды ұнатады. Гаухар қашықтан жұмыс жасаудың қолайлысы отбасына, өзіне, сүйікті ісі – спортқа көңіл бөлуге мол мүмкіндіктер бергенін атап өтті. Бұған қоса, отбасы құндылықтарына баса мән беріп, уақытты бағалауды үйренді, бейбіт күннің маңыздылығын ұғынды.

– «Кез келген ауруға қарсы тұру үшін тән мен жан саулығына мән берген абзал. Сонымен қатар, дұрыс тамақтанудың да әсері мол деп ойлаймын. Мен үшін – өмірдің өзі қозғалыс. Дене жаттығулары адамның көңіл-күйін ғана көтеріп қоймайды, қан айналым жүйесін жақсартады, біраз аурулардың алдын алады. Дәл осылай бос уақытты тиімді пайдалануға болады. Шынықсаң – шымыр боласың демекші, дене жаттығуы адам баласына қашан да, қай жаста да пайдалы» – дейді Гаухар Амантайқызы.



Мейрамгүл КУЗБАНОВА,
«Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Қайнармұнайгаз»
МГӨБ қызметкері

Әлемді жайлаған коронавирус дертінен сақтанудың бірден-бір жолы – үйден шықпай отыру екенін жақсы түсіндік. Өз денсаулығымыз, отбасымыздың амандығы үшін жасалып жатқан сақтық шарасы ғой, барлық талаптарды сақтадық. Әр нәрсенің бір жақсы жағы бар екенін ескерсек, үйде оқшаулану менің өз басыма тиімдірек болды. Бос уақытымды өзімнің сүйікті хоббиім – іс тігуге арнадым. Бұрын да іс тігуге бейімділігім бар еді, карантин кезінде оған ерекше ден қойдым. Жалпы, маталар дүкенін аралағанды ұнатамын. Әсіресе, денеге қонымды әрі жұмсақ келетін шылт, велюр маталарын өзіме жақын санаймын. Қалаға барғанда өзіме ұнайтын маталардан көбірек алып

қоятын әдетім болатын. Сол әдетімнің пайдасы тиді, карантин режимінде далаға шықпастан, үйдегі бар маталарымнан іс тіктім. Өзіме үш көйлек, анама бір көйлек тіктім. Сонымен қатар, шылт матадан маска тігіп, ауылдастарыма тараттым. Іс тігуден өзге жаңа тағам түрлерін дайындауды да үйрендім. «Синнабон» деп аталатын бөлме нан түрін пісіруді меңгердім. Бұдан өзге тәтті тағамдардың біразын жасап үйрендім.


Қысқасы, карантин мезгілінде уақытымды пайдалы істерге арнадым. Жаңа кәсіптерді меңгердім. Қазір жұмыстамын, компаниядағы жедел штабтың ұйғарымымен вахта ауысымы басталып, әріптестеріммен бірге жұмысқа шықтым. Вахтадағы еңбектен кейінгі демалыс уақытында сүйікті кәсіптерімді қолға алып, жалғастырмақшымын.



Жасөмір АЖЫХАНОВ,
«Атырау мұнай өңдеу зауыты»
ЖШС, мұнайды тереңдетіп
өңдеу өндірісінің технологиялық
насостарының машинисі:

«Адамға күйбің тірлікте үнемі уақыт жетпейтіні белгілі. Төтенше жағдай адамзатқа зырылдаған уақыттың қадірін ұқтырғандай. Көп жандар отбасына көңіл бөліп, ойға алған дүниелерін іске асыруда. Қарапайым нәрселерден қуаныш табуы үйретіп, тазалыққа мән беріп келеміз. Мен кешедегі автокөліктердің азайып, жүйке тыныштығы орнағандығын, сонымен қатар көлік азайған соң ауаның тазара бастағанын карантиннің оң тұсына балар едім».

Әйгерім АЛИМОВА,
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС
қызметкері



– Қашықтан жұмыс істей отырып, маған белгілі болғаны: әсіресе еңбек үдерісі баулып әкеткен кезде

арасында үзілістер жасай отырып, жұмыс уақытын таңғы сағат 8-ден түнгі 24-ке дейін созуға болады. Офисте жұмыс істеген кезде мәжбүрлі түрде үзілістер жасауға тура келеді: жұмысқа дейін жету уақыты, түскі үзіліске шығу, кешке үйге дейін жету уақыты... Демалыс күндері офис мүлдем жұмыс істемейді, ал қашықтан жұмыс істеген кезде мұндай сыртқы шектеулер жоқ. Жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімді бұзып алмау үшін өзін өзі ұйымдастырудың ең жоғары деңгейіне қол жеткізуге тура келеді. Менің компаниямда офисінде уақытша жұмыс істемей жүргенім өкініш тудыратынын да айтпай кетуге болмай тұр. Өйткені біздің еңбек ұжымымыздың энергетикасы мені шын мәнінде шабыттандырады.

Тәжірибе көрсеткендей, қашықтан жұмыс істеуге болады, бірақ қиын тұстары да бар. Қашықтан жұмыс істеудің негізгі қиындықтары – ғаламтор провайдеріне және қалалық электр тораптарына тәуелділік, сондай-ақ өзін өзі бақылаудың жоғары деңгейінің болуы қажеттілігі.



Мұнай мұңы: «КОРОНАКРИЗИС»

Әлем – елең-алаң, әлем – беймаза. Әдеттегі қарулы қақтығыс, жойқын жарылыс емес. Бұл жолы дүйім жұрттың үрейін алып, берекесін қашырған «көзге көрінбес жаумен» әлем болып күресіп жатырмыз. Қаншама ғылыми мүмкіндіктері, рухани қорғандары бола тұра «тәж тажалына» бірден қарсы тұруға бүгінгі өркениеттің әсте қауқарсыз екеніне әр адамның көзі жеткендей. Кесе-көлденең келген кеселден адамзат шынымен де абдырап қалды.

Карантиндік талаптарды енгізу, мұнай бағасының құлдырауы, жаппай экономикалық бәсеңсу қазірдің өзінде еңбек нарығынан көрініс табуда. Еуроодақ пен АҚШ-та жұмыссыздар саны қазіргі жағдай реттелмесе, тарихи рекордтық деңгейге жетеді деп болжануда. ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) сараптамасы бойынша, жұмыс орындары 15 пайызға қысқарған жағдайда, АҚШ-та 30 млн жұмыс орны жойылса, басқа елдерде 5 млн-нан аса адам жұмысынан айырылады. Дүниежүзілік еңбек ұйымы мәліметтері бойынша, әлемдік дағдарыстың салдарынан 25 млн адам жұмыссыздар қатарын толықтырады. Бұл өз кезегінде кірстің төмендеуіне әкеліп, жұмыс істейтін кедейлер санын 8,8 млн-нан 35 млн-ға жеткізеді.

Қарап отырсақ, тұтас жаһан дағдарысқа ұшырап, жұмыссыздық деңгейі күн санап артып барады. Өндіріс орындары толық іске қосылған жоқ. Халықаралық валюта қоры 2020-2021 жылдары әлемнің жалпы ішкі өнімі 9 трлн долларға төмендейді деп болжам жасады. Бұл шамамен Жапония мен Германия экономикасының қосындысы деген сөз. Сондай-ақ, коронакризистің салдары бес жылға созылуы ықтимал.

Бұнымен қоймай, әлемдік экономиканың тірегі – мұнай бағасының құлдырағаны жығылғанға жұдырық болып отыр. Бұл әсіресе экономикасы шикізатқа тәуелді елдерге қиын тиюде. Соңғы 2 айда әлемде мұнайға сұраныс күрт азайып, нарықта артық шикізат көп жиналды, мұнай сақтайтын қоймалар лық толып қалды. Әуе рейстері тоқтап, автокөлік қозғалысы азайған. Ал егер шикізат қолданылмаса, ол қоймада сақталуы керек. Бірақ, осы жерде тағы бір мәселе туындайды: мұнайды белгілі бір мөлшерде ғана сақтауға рұқсат етілген. Сәйкесінше қойма саны да шектеулі. Осылай күрт құбылған мұнай нарығындағы қазіргі құбылысқа кім кінәлі, жаһанды жайлаған пандемия ма, әлде мәселенің саяси астары басым ба?

Қара алтын құны неге құлдырап кетті?

Мұнай бағасының құлдырауы Сауд Арабиясының мұрагер ханзадасы

Мұхаммед бен Салманның Ресеймен келіспеуі, коронавирустың өршуі және мұнайға әлемдік сұраныстың төмендеуімен байланысты болып отырғанын әлемдік БАҚ жарыса жазуда.

12 сәуір күні ОПЕК+ аясында мұнай экспорттаушы елдер осы жылдың мамыр-маусым айларында мұнай өндіруді тәулігіне 9,7 млн баррельге қысқарту туралы келісімге қол қойды. Келесі жартыжылдықта тәулігіне 7,7 млн баррельді қысқартып отыру келісілген, ал 2021 жылдың 1 қаңтарынан 2022 жылдың 30 сәуіріне дейін тәулігіне өндірілетін мұнай көлемі 5,8 млн баррельге кемуі тиіс.

Мәселен, осы жылдың сәуірдің 21-іне Brent маркалы шикі мұнай бір түнде 12 долларға арзандап, маусымда жеткізілетін өнім бағасы кейінгі 18 жылдағы ең төмен деңгейге – барреліне 17 долларға дейін түсті. Яғни, қаңтардағы шамасынан 60 пайызға құлдырады. Алайда, мамыр айы басталысымен, Brent маркалы мұнайдың құны \$5 қымбаттады. Ал 6 мамыр күнгі сауда-саттықта WTI бағасы барреліне – \$24,58 дейін көтерілсе, Brent фьючерсінің бағасы барреліне – \$31,01 дейін өсіп, мамырдың 20-сы – \$34,94-ға жеткен. Қазіргі жағдайға орай сараптайтын болсақ, нарыққа қатысушылардың көбі мұнай бағасы туралы сөз қозғағанда «туннельдің соңында жарық бар» деп есептейді.

Әлемдік мұнай компаниялары дағдарыс алдында тұр

Ауыр экономикалық жағдайға байланысты американдық мұнайшылар компанияларын өз еріктерімен жабуға мәжбүр болып отыр. Мұнайға деген сұраныстың күрт төмендеуіне байланысты «Texland Petroleum» компаниясы 1211 мұнай ұңғымасын жауып, карантин толық аяқталғанға дейін өндірісті тоқтата тұратын болды. Сондай-ақ, «Exxon Mobil», «Royal Dutch Shell», «Devon Energy», «Cenovus Energy» сияқты мұнай өндіруші компаниялар шығындардың жалпы сомасы 50 млрд

долларға жуық қысқарғанын жариялады. Ресми деректер бойынша, АҚШ-та күн сайын мұнай өнімдерін тұтыну 19%-ке төмендеген. Бұл соңғы 30 жыл ішінде бола қоймаған көрсеткіш. Әлемнің ең ірі экономикасы саналатын АҚШ-тың мұнай компанияларының мүмкіндіктері осылай шектелуде.

Сауд Арабиясы мұнай бағасының төмендеуіне және коронавирус пандемиясына байланысты экономикаға соққыны жеңілдету үшін бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдап жатыр. Мұндағы «Saudi Aramco» мемлекеттік мұнай компаниясы өндірісті азайтты, қазір мұнай тиелген ондаған танкер теңізде босқа тұр. Мұнайдан түскен аз табыс әлемдегі ең ірі экспорттаушы елдің жағдайын қиындатып, қарызға миллиардтар алуына тура келіп отыр.

Сонымен, коронавирустық пандемия және соңғы кездері орын алған мұнай нарығындағы дағдарыс қара алтын өндірісінің шектелуіне, мұнай-газ жобаларының көлемінің азаюына әкелуі мүмкін. Rystad Energy зерттеу компаниясының мәліметіне сүйенсек, бұдан былай мұнай саласындағы жұмысшылар саны 1 миллионға дейін қысқарады деген болжам бар.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде 5 миллионнан астам адам мұнай сервисі саласында жұмыс істеп жатыр. Мұнай бағасының күрт төмендеуіне байланысты ағымдағы жылдың екінші жартысында өндіріс аймақтарындағы барлау орындарының басым бөлігі қызметін тоқтатуды ұйғарып отыр. Rystad Energy зерттеу компаниясы тек осы жылдың өзінде мердігерлер жұмыс күшін кем дегенде 21%-ке қысқартады деп есептейді. Оның 13%-і мұнай бағасының төмендеуіне байланысты, ал қалған 8%-і жұмыстан қысқарады деген болжам бар. Өйткені, мердігерлер өздерінің жұмыс алаңдарында «COVID-19» пандемиясының таралуынан қорқып, жобаны дамытуды баяулатуға мәжбүр, – дейді сарапшылар.

«Мұнайдың төмен бағасы 2021 жылы да қазіргі қалыпта сақталуы мүмкін. Ал бұл жұмыс күшінің одан әрі қысқаруына әкеледі», – дейді Rystad Energy компаниясы мұнай кен орындарын зерттеу бөлімінің жетекшісі Аудун Мартинсен. Ол 2021 жылдың екінші


жартысына қарай мұнай нарығында баға тұрақты қалыпты ұстайтынын, сондай-ақ пандемия қаупі сейілгеннен соң жағдай оң қалыпқа түсетініне сенімді. Алдымен сланцты мұнай кен орындарында, ал 2022 жылдан бастап оффшорлық аймақтағы өндірісте кадрлар көбейеді деп болжайды.

2014 жылғы мұнай дағдарысы кезіндегідей мұнай секторындағы жұмысшы күшінің қысқаруы 2020 жылы сланец өндірісінде көптеп орын алуы мүмкін. Мұнда ұңғымаларды бұрғылау және пайдалануға енгізу белсенділігінің айтарлықтай төмендеуі күтілуде. Сірә, 2020 жылдың желтоқсанына дейін бұл салада жұмыс күшінің 32% қысқарады.

The Wall Street Journal басылымының мәліметіне сүйенсек, АҚШ-тың жетекші мұнай компаниялары қоластындағы жұмысшыларының табысын қысқарта бастаған. Мәселен, Occidental Petroleum Corp мұнай компаниясы қызметкерлеріне жалақыларының әдеттегі қалыпта болмай-тынын ескерткен екен. 1 сәуірден бастап қатардағы жұмысшылар аймақтық жалақысының 30%-нан қағылса, компанияның атқарушы директоры табысының 81%-нан айрылған көрінеді. Сондай-ақ, жұмысшыларға берілетін жеңілдіктер, атап айтсақ, спорт залға бару, бұрын компания міндетіне кірген жол ақысын төлеп беру бұдан былай алынып тасталды. Сондай-ақ, Американың өзгеде жетекші мұнай компаниялары жұмысшыларының табысын мәжбүрлі түрде қысқартып жатыр. Нарықтағы қазіргі жағдайда әсіресе, сланцты мұнай өндірісіндегі мамандарға оңайға соқпай тұр.

P.S: Қара алтын бағасының әлемдік нарықта тым төмендеп кеткені мұнай экспорттаушы елдердің жанына батып, жүйкесіне салмақ түсіруде. Экономикасы шикізатқа байланған Қазақстанды бұл дағдарыс дауылының айналып өтпесі бәрімізге де сезіліп жүр. Әсіресе мұнай саласындағы мамандарға жеңіл тиіп жатпағанын білеміз. Осындайда қара алтынды қыр үстіне шығарып жүрген сарбаздарға қолдау көрсетсек, бұл тығырықтан шығатын күн де алыс емес... **N**

Абырой – адал еңбекте



Айман ЕСБОСЫН

Ежелгі Мысыр заманының өзінде ғимараттар жүккөтергіш механизмдердің көмегімен монтаждалған. Сондықтан осындай жұмыстарды атқарған адамдарды монтажшы деп атауға әбден болады. Бұл осы мамандықтың өте ертеде пайда болғандығының және оның тарихы тереңде жатқандығының дәлелі.

Осындай тарихын тым ежелден өрбітетін мамандықтың иесі, «Oil Construction Company» ЖШС құрылыс құрылмаларының монтажшысы Дмитрий Дмитриевич Тихомолов 1960 жылғы қыркүйектегі шуақты күндердің бірінде Краснодар өлкесінде дүниеге келген. Балалық шағы Кубанның шұрайлы жерде өтіп, ата-анасының жұмыс бабымен қоныс аударған Маңғыстау топырағына он үш жасында аяғы алғаш тиген болатын. Мектепті тәмамдаған соң кәсіптік-техникалық училищеде оқып, монтажшы, дәнекерлеуші мамандықтарын алып шыққан ол отбасын асыраудың қамына кірісті. Содан бері қырық жылдан аса уақыт мұнай саласында, Қаламқас кен орнында табан

аудармай еңбек етіп келеді. Мұнара монтаждау мекемесінде пісіруші, содан кейін мұнараларды тасымалдау бригадасының жетекшісі болып жұмыс істеді. 2007 жылдан бастап сиымдылығы 5000 тонналық сұйыққоймаларды монтаждау жұмыстарына ауысты. Бүгінгі таңда құрылыс құрылмаларының монтажшысы Дмитрий Дмитриевич тәжірибелі және білікті маман ретінде өндірістің ең қиын жерлерінде жүріп, қауіпті де жауапты тапсырмаларды кінәратсыз орындайды. Ал монтажшы болу үшін білек күші дамыған, техникалық ойлау қабілеті жоғары, қолы епті болуы, арнайы құрал-саймандармен сауатты жұмыс жасай білуі де керек. Монтажшы тәртіпті және жинақы болуы тиіс. Биіктікте күрделі технологиялық құрылғылармен, жабдықтармен жұмыс істейтін болғандықтан барлық қауіпсіздік талаптарын мүлтіксіз орындауы өте маңызды.

Ол еңбек жолында Амантай Сәрсенов, Александр Распаев, Виталий Пянзин сынды майталман мұнара монтаждарымен істес болып, олардың мол тәжірибесінен тағылым алғанына қуанады. Өзі де қазір артынан ерген

ізбасарлары Талғат Мыңжасов, Мұрат Бисекшовтей білімді де білікті жастардың айтқанын қалт жібермей үйреніп, өз істерінің шебері болғанын көріп, көңілі тасып жүреді. Қабақ шытып, қасындағылардың көңіліне кірбің түсірмей, ақкөңіл, елгезектігімен жұмыстастарына жұғымды да сыйымды болуы және бел шешпес еңбекқорлығы арқасында ұжымда биік беделге ие болды. Қарапайым, өзі үшін ештеңе сұрамайтын, ал жұмыста алдына жан салмайтын азамат Дмитрий Дмитриевич көп жылғы адал еңбегі мен қол жеткізген табыстары үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ескерткіш белгісімен, екі мәрте Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасымен, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына орай Мерейлі медалмен марапатталды. Бұл жетістіктер – күнделікті тынымсыз ауыр еңбектің нәтижесі. Үйінде жайма-шуақ көңілмен күтіп алатын жан жары Татьяна Алексеевнамен тату-тәтті ғұмыр кешіп, екі бала тәрбиелеп өсірді, қазір немерелерін қызықтап отыр. **М**

«Геология – менің сүйікті кәсібім»

Алмагүл Оразалиеваның сыры

Лаура Жолдыбаева

Жер бетінде және оның қойнауында болып жатқан физикалық үрдістерді зерттейтін геология ғылымы – терең ғылым, ал геолог мамандығы әрқашанда сұранысқа ие. Маңғаз өлкенің терең қабатынан ғасырлар бойы тұншығып келген қара алтынды бір күнде «бұрқ» еткізген аға буынның ізін жалғап, геология саласына ғұмырын арнаған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының техник-геологы Алмагүл Оразалиеваның өмір жолы – біздің басылымның бүгінгі санында.

Алмагүл Абатқызымен әңгіменің өрнегін тілші біткеннің әдетіндегідей «осы мамандыққа қалай келдіңіз» деген сауалмен өрбіткенімізде жауабы ұрпақтың жалғастығына тірелді. Әкесі Абат Оразалиев Атырау мұнай техникумын «тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірген тұңғыш түлектердің бірі. Бұл соғыстан кейінгі 1947 жыл болатын. Елдің еңсесі көтерілмеген тұс.

50-жылдардың басында Маңғыстауда мұнай өндіруді қарқынды бастау жөнінде Мәскеуден бұйрық түседі. 1951 жылы Түбеекте мұнайдың көзі бар екендігі анықталады. Сол жылдары Абат Оразалиев тусыраған ту өлкеге түрен салған мұнай барлаушыларының тұңғыш

қарлығаштарының бірі ретінде Түбеекте еңбек жолын бастайды.

Мамандыққа таңдау жасауыма өз өмірін мұнай саласына арнаған әкем ықпал етті, – дейді Алмагүл Абатқызы. Болашақ мамандығымды таңдауыма әкемнің бала кезімізде маңдайымыздан сипап отырып, «осы қызым дәрігер», «мұғалім қызым», «менің жолымды қуатын қызым» дейтіні сеп болды-ау деймін. Қазір ойласам, бұл әкенің тайға таңба басқандай әрқайсымыздың маңдайымызға жазып кеткен тағдыры болса керек...

1966 жылы желтоқсанда Атырау облысында, көп балалы қарапайым отбасында дүниеге келген ол төрт қыз, екі ұлдың арасында еркелей өскен оның бағдаршамы әкесі болды. Әкенің салған сүрлеуімен 1986 жылы Гурьев политехникалық техникумының «Мұнайгаз геологиясы және барлау» мамандығын таңдады. Әлі есінде, он бес қыз болып тәжірибе алмасуға Маңғыстауға келгені.

– «Бұл мамандық қыздарға қол емес, өндіріс басында жүресіздер, қиын болып жүрмесін, жасай аласыздар ма? деп кадр бөліміндегі Оспанов ағамыз шегелеп сұрағанда «арине» деп кірісіп кеттік қой... Қазір сол қыздардың әрқайсысы әр салада. Тек саусақпен санары ғана мұнай саласында еңбек етіп жүр, – деп өз әңгімесін Алмагүл апа әрі қарай жалғады.

Алмагүл Абатқызы Оразалиеваның ғұмырбаяны мен қызмет жолындағы әр қадамы – жас геологтар үшін үлкен мектеп. Гурьев политехникалық техникумынан кейін Ш.Есенов атындағы Ақтау институтынан мұнай саласы бойынша жоғарғы мамандықты игеріп алды.

Еңбек жолын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты №1 мұнай-газ өндіру цехында операторлықтан бастады. Ол жерде операторлықтың үшінші, төртінші дәрежелерін игеріп, екінші бригадаға ауысады. Мастер Алик Айдарбаев бастаған мықты маманның қарамағында еңбек етіп, өндірістік қабілеті шыңдалған Алмагүл Абатқызы сол жылдары диспетчерлік пульт операторы, кезекші-технолог болып еңбек етеді. 1991 жылдан бастап жаңуа жағдайына байланысты жеті күндікке ауысып, бүгінде техник-геолог болып жұмыс жасап келеді.

1992 жылы он құрсақ көтерген отанасы бар, өскен-өнген мұнайшылар отбасына келін болған Алмагүл өзі бүгінде үш ұл, бір қыздың аяулы анасы.

– Геология саласына енді қадам басып жатқан жас мамандар өз ісін шебер меңгеруге, мықты геолог атануға ұмтылады. Мұндай дәрежеге жету үшін, әрине, қажырлы еңбектің қажет екені даусыз. «Геолог – өте жауапты да құрметті



мамандық. Мықты геолог болу үшін мықты зейін, байқампаздық, мұқияттылық, ақпаратты терең талдай білу сияқты қасиеттер керек-ақ. Бұдан өзге далалық жерде жұмыс жасау үшін төзімділік пен қажыр-қайрат болмаса тағы болмайды. Мен осындай қасиеттерді басшымыз Қазыбек Көшербай, Сағи, Әділхан, Кемал інілеріміз бастаған жас буынның бойынан көреміз. Олар – ендігі болашақ», – деп тәжірибелі геолог өз ойымен осылай бөлісті.

Жауапкершілікті тереңрек сезіну, намысқа тырысу, жанашырлық, елге де, бауырға да қарлығаш көмекке дайын қасиет басқасын білмеймін, қазақтың қызына тән. Туған жерінің, төл компаниясының абыройы үшін ер-азаматтармен қатар күш жұмсап келе жатқан Алмагүл Абатқызының қадыр-қасиетін бағалайтын отбасы, сыйлас ұжымы бар. Мұнан артық бақыт бар ма?! **М**

Өнерлі өрен

Қылқаламды серік еткен мұнайшы

Жанкелді ҚАРЖАН

«Қаражанбасмұнай» АҚ бу өндіру цехының машинисі Бейбіт Тілегеннің қылқаламды серік еткен суретші екенін көпшілік біледі. Мұнай өндірісінде он жылдан бері елеулі еңбек етіп келе жатқан оның ерекше қыры туралы әңгімелекпіз.

Бейбіт бала кезінен сурет салумен шұғылданады. Ақтау қаласындағы өнер колледжін 2004-2008 жылдары оқып, суретші деген мамандықты меңгеріп шыққан маман. Бірақ оны өмірдің соқпақ жолы өндіріс жұмысына бастап әкелді. 2010 жылдан Қаражанбаста еңбек ететін ол қылқаламды тастап кеткен жоқ. Тұрақты сурет салмаса да, қолы қалт еткенде қылқаламды ермек етеді. 2010 жылы Қаражанбас кен орнының игеріле бастағанына 30 жыл толуына орай ол салған суреттерін жиыстырып, топтамасын қалың мұнайшы қауымның назарына ұсынған. Нәтижесі жаман емес. Маңғаз Маңғыстау өлкесінен бастап өмірдің небір сәттерін бейнелейтін қылқалам

иесінің туындыларына мәртебелі мамандық иелері оң бағасын беріп, ерекше әсерге бөленгені бар.


Ол алғашқы суреттерін мектептің жоғары сыныптарында жүргенде салған. Ақ қағаздың бірін жыртып, бірін қайта қолға алып жүріп, туған жердің көркем келбетін көрсететін туындысын салып шыққанда алғаш көрген сыныптастары таңдай қағысқан. «Сенен үлкен суретші шығады» деп ағасы Алтынбек те арқасынан қаққан. Обалы не керек, Алтынбек ағасы бала Бейбітті баулып, керемет суретші әрі төкпе күйдің шебері қылмаққа тырысып, бақты. Алайда оның көңілі күйшіліктен бұрын сурет өнеріне қарай ауа берді. Ақтаудағы өнер колледжінде сурет салудың сан түрлі қырын меңгерді. Кенепке сурет салу дегенді алғаш сонда көрді. Табиғат аясына шығып, айналаға қарап отырып сол көріністі айна қатесіз кенепке бейнелеу де оңай емес. Сағаттап отырып, көз майын таусып үлкен жұмыс. Қазір сол суреттердің көбі бірнеше жерде ілулі тұр. Облыстағы галереядан

бастап, Қаражанбастағы мәдени демалыс орталығында ілілу тұрған суреттері оның талантты суретші екенін айғақтайды.

Тілеген Спанғалиұлы десе оны көпшілік танымауы мүмкін. Ал суретші Бейбіт десе оны танитындардың көп екенін аңғаруға болады. Мұнайшы деген мамандық пен суретшілікті не байланыстыруы мүмкін? Мұны біз Бейбіттің өзінен сұрағанбыз. Жынғылды ауылынан Қаражанбасқа қатынап жүрген замандасымыз ойланып қалды. Күтпеген жерден мұнай өндірісіне келіп қалған ол бұл мамандықты жатсынбапты. Тақырыпты талғаммен таңдап, көрген көрінісін бірден кенепке түсіретін оны шебер демей көріңіз. 8-9 сыныпта оқып жүргенде керемет туындыларды салғаны бір бөлек әңгіме. Айтпақшы, суретшіліктен бөлек Бейбіттің домбырамен күмбірлетіп күй тартатыны да бар. Реті келіп жатса, жыр айтудан да тартынбайды.

«Алда мұнайшылар күнінде жеке көрмемді облыс орталығында өткізу жоспарда бар. Мүмкін болса, осыны аяқсыз қалдырмай, осыған дейін

салған суреттерімді жинап, көпшілікке ұсынсам деймін», дейді Бейбіт. **М**



«BizBirgemiz» акциясы – ұлт бірлігінің айнасы

Әлемде коронавирус дертінің асқынуына орай Қазақстанда төтенше жағдай жарияланғаны мәлім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Індетпен күресуге толық мүмкіндігіміз бар. Бұл қиындықты бәріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығамыз. Бұл – уақытша дүрбелең» деген еді. Халқымыздың ауызбіршілігінің арқасында шынымен талай қиындықты артқа тастадық. Жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын жүреппен сезіндік. «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» деген даналық сөздің шынайылығын көзбен көрдік. Оған Республика бойынша жол тартқан «Біз біргеміз» акциясы және оның аясында атқарылған қыруар шара куә.

Мәрт мұнайшылар

Еліміздің маңызды саласын игеріп, сол арқылы мемлекетіміздің экономикалық дамуына үлес қосып келе жатқан мұнайшылар қайырымдылық жасаудан да кенде емес. Халықтың басына түскен нәубетті жоғары азаматтық жауапкершілігімен сезіне білген мамандар жалпыхалықтық «BizBirgemiz» акциясына барынша қолдау көрсетті. Соның бірі – «Ембімұнайгаз» АҚ. Компания жалпыхалықтық «BizBirgemiz» акциясы аясында Атырау қаласының Береке мөлтек ауданындағы тұрғын үйлерде оқшауланған азаматтарға демеушілік жасады. Сондай-ақ, компания ұжымы медицина және полиция қызметкерлеріне материалдық көмек көрсетті. Қорға жиналған 1 миллион теңгеден астам қаражат жерлестерге қолдау ретінде таратты.

«ҚазТрансОйл» АҚ да қайырымдылықтан шет қалмады. Олар жергілікті атқару органымен бірлесіп, еріктілерді тарту арқылы Атырау қаласының 350 отбасына гуманитарлық атаулы әлеуметтік көмекті жеткізген. Штаб волонтерлері Қайрат Ордабаев көмек көрсету барысында қорғаныс костюмдерін киіп, заттарды залалсыздандыруға баса мән бергенін айтты. Ал, еріктілердің бірі Алтынгүл Шакимованың айтуынша, волонтер болу мәнсап емес, ол кең жүреппен және шынайы ынтымақпен жасалатын жұмыс.

«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері Жаңаөзен қаласындағы, Теңге, Қызылсай ауылдарындағы халыққа медициналық маскалар мен антисептикалық құралдарды таратып берді.

«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС интернат тәрбиеленушілері мен сарбаздарға гуманитарлық көмек көрсетті. Сондай-ақ 130 ардагерге де қол ұшын берді.

Үйде отырған аналар жұмыспен қамтылды

Карантиннің бастапқы кезінде медициналық жеке қорғаныс құралдарының, антисептикалық бұйымдардың тапшылығы сезілді. Бұл жетіспеушілік халықтың алаңдаушылығын тудырғаны жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

жұмыла жұмыс жасады. Өз қызметкерлеріне көп реттік бетперделер тігуге ұсыныс жасап, дайын өнімдерді сатып алуға әзір екендігін хабарлады. Бұл жаңалық қашықтан жұмыс істейтін, сондай-ақ, бала күтіміне байланысты демалыста отырған аналар тарапынан зор қолдауға ие болды.

Мұнай саласында отыз жылдан астам еңбек өтілі бар, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы, қабат қысымын ұстау цехының 2-санаттағы геолог маманы Гүлсім Жарылғасова бір өзі екі жүзге жуық бетперде тіккен. Материалды-техникалық қамту базасының стажеры, көпбалалы ана Гүлнәз Сәрсенғалиеваның үлесі де баршылық. Бала күтіміне байланысты үйде отырса да қиын кезде әріптестерінің бір жағына шыға алғанына қуанышты. Сондай-ақ, әкімшілік-әлеуметтік департаментінің стажеры Айгерім Хожанова тігін өнерін тез меңгерген. Оның айтуынша: «Коронавирусқа қарсы күресу, ұлт қауіпсіздігін сақтау – бәрімізге ортақ міндет. Осындайда әрбір азамат жауапкершілікті сезінуі тиіс. Ал «қолақы» төленуі де біз сияқты үйде отырған аналарға үлкен стимул! Осы күнге дейін аналарымыз мыңдаған бетперде тігіп, тапсырған. Осы ізгілікті іске бастамашы болған әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментінің стажеры Анар Нұғманова екенін айта кеткен артық болмас.

Бастамашы «ҚазМұнайГаз» жастары

«Бірлігі мықты жастар – болашаққа жол бастар!» атты ұранды өздеріне ту еткен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес кәсіпорындарының жас мамандары акцияға белсене кірісті. Маңғыстау облысының жас мұнайшылары өз ықтиярларымен қор құрып, түскен қаражатқа «Мейірімді» дүкенімен бірлесіп, мұқтаж отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз етті.

«Технологиялық көлікті басқару және ұңғымаларға қызмет көрсету» ЖШС Жас мамандар кеңесінің төрағасы Марсбек Иманов карантинге дейін Ақтауда зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмек көрсеткендерін жеткізді. «Біз жақсы кешкі ас ұйымдастырдық, оның барысында Ақтаудың белгілі дәрігері Фаида Әмірова қарт адамдарға коронавирустан



қорғану үшін қандай сақтық шараларын сақтау керектігін, гигиена талаптары мен санитарлық нормалар туралы баяндады». Бұдан бөлек, Ақтаудың жедел медициналық көмек дәрігерлері мен медбикелеріне ыстық тамақ жеткізіп беріп, медицина мамандарының адал қызметіне құрмет көрсеткенін де атап өткен жөн.

«Біз – адамбыз, біз – біргеміз!» қайырымдылық қорының директоры Иман Досмұхамбетов өзінің Facebook парақшасында жас мұнайшылар туралы жылы лебізін білдірді. Ол Маңғыстау облысының мұнай компанияларының жас мамандарына акцияға белсене қатысқандары үшін алғысын айтты. КМГ корпоративтік орталығының жас мамандар кеңесінің төрағасы Ерзатхан Абылайханов қиын-қыстау кезеңде мықты адамдар мен жеке әлеуметтік топтардың бірлігі артатынына сенімді.

«ТұлпарМұнайСервис» ЖШС қызметкері Ұлықпанов Айбек карантин басталғаннан бері Маңғыстау мұнайшылары 600-ден астам отбасын азық-түлікпен қамтамасыз еткенін айтты. Соның ішінде 80 отбасыға қаражатты жастар өз қалталарынан шығарды. Бұдан бөлек, ерікті жастар 5 тоннаға жуық киім-кешек үлестірді.

Ал «KPI Inc.» компаниясының техник маманы Рахмет Азамат Қайратұлы өзінің ағасы Ибрагим Кужековпен бірлесіп «Налукреп» жобасын қолға алды. Осы бағытта олар ғаламтордың заманауи мүмкіндіктерін де тиімді пайдаланды. Instagram, Facebook әлеуметтік желілерде аккаунттар ашып, қор жинады және @amanat_foundation, @atyrau_komek, @charity_atyrau сынды қайырымдылық қорларымен өзара жұмыс жүргізді. Әлеуметтік желіден басқа облыстық «Caspian News» және «Қазақстан Атырау» телеарналарындағы бағдарламадан кейін олардың салмағы одан сайын артты. Нәтижесінде «Налукреп» жобасының белсенділері жиыны 50-ге жуық отбасыға көмектесті.

Мақтаарал да назардан тыс қалмады

Осы жылы 1 мамырда Сардоба су қоймасы бөгетін су шайып кетуіне байланысты Өзбекстанның Сырдария облысындағы елді мекендерін, кейін Мақтаарал ауданында шекара маңындағы бірнеше коллектор суға толып, арнасынан асқан су Мақтааралдағы бірнеше ауылдарды алып кеткен болатын. Бұл жолы да әріптестеріміз отандастарының қайғысына бей-жай қарай алмады.

«Bizbirgemiz» акциясы шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Шымкент мұнай құбыры басқармасы» топан судан зардап шеккен азаматтарға, нақтырақ айтсақ 60-тан астам отбасыға тұрмыстық химия, азық-түлік, балалар ойыншықтарын жөнелтті. Сондай-ақ, 35 жанұя үй техникаларымен қамтамасыз етілді.


«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері аз уақыт ішінде өздерінің жалақылары есебінен 4 миллион теңгеге жуық қаражат жинап, «Birgemiz-Atyrau» қоғамдық қоры арқылы су тасқынынан зардап шеккен оңтүстік өңір тұрғындарға көмек қолын созды.

ТҮЙІН

Тарихтың қойнауын қарасақ, Қазақ деген елдің басынан өткен небір қиындықтарды көреміз. Мың өліп, мың тірілген Алаш жұртының сағы ешқашан сынбағанын байқаймыз. Оған негіз болған қанымыздағы ұйымшылдық пен жанашырлық қасиетіміз. Қоғамдық санамен «Халықтың қуаты – бірлікте» екенін жете түсінуіміз керек. Әлемді жайлаған індетпен күресте де бірге жетістікке жетейік. #BizBirgemiz! **M**



COVID-19 ВИРУСЫНАН САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ



Арақашықты сақтаңыз



Қолды жиі жуып, санитайзер пайдаланыңыз



Маска/респиратор пайдаланыңыз



Гаджет пен жеке заттарыңызды үнемі тазартып жүріңіздер



Бірреттік қолғап пайдаланыңыз



Қол алыспауға тырысыңыз



Көзіңізді, мұрын мен бетіңізді ұстамаңыз



Адамдар көп жиналатын жерлерге баруды шектеңіз



Іші толы лифтке отырмаңыз

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінде есепке қойылып,
№ 17496-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Д.Қонаев көшесі, 8 үй,
16 қабат, 1617 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz

Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Ақсана Джапарова – A.Japarova@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49
e-mail: mm@kmg.kz

Газет айына 1 рет шығады,
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе.
Тел.: +7 (7172) 68 00 79